


Сәрсекке, М.

«Алыстан сермеп, жүректен тербеп» Ебіней Бөкетовтің хаттары бойынша эссе [Мәтін]/ М. Сәрсекке // Егемен Қазақстан. – 2013. – 30 қаңтар (№56). – (Тағылым).



**Медеу СӘРСЕКЕ,
жазушы.**

Бұдан елу-алтыс жыл бұрын екі мемлекетте ғана емес, ұрымтал екі ауылда отырған адамдар бір-біріне көл-көсір хат жазып, шаруа жайын, жай-күйін ақ қағаз арқылы жеткізіп, жан сырын да ағынан жарыла шертетін еді. Соларды оқып отырып, бұдан жүз жыл бұрынғы жан иесінің ойын, тұрмыс тынысын, не киіп, не ішетінін, мінез-құлқын да айна-қатесіз айыруға болатын-ды. Бұдан жиырма-отыз жыл бұрынғы дәстүрлі мерекелер қарсаңында бір-бірімізге ашық хат («открытка» аталатын) жолдап, игі тілек, құттықтау айту да ұмыт бола бастады. Әлбетте, мүдделі іс туралы да қанишама хаттар жаздық. Соның бәрін қазір сұқ саусағындай ғана ұялы телефон ауыстырды.

Сонымен-ақ өзімізді қаншама рухани тонап, өмір сүру қызығын мейлінше жұтайтын алғанымызды, сірә, түсінбейміз. Қаншама ыстық сезім, айран-асыр қуаныштан жүрдай болдық десеңізші!.. Осы бір өкініш есімі дүйім елге мәшһүр академик Ебіней Арыстанұлы Бөкетовтің архивінде сақталған қисапсыз көп хат бумаларын оқыған кезде, тіпті, өзекті өртейді. Хаттар Ебіней Арыстанұлының 1960 жылы Қарағандыға, ҰҒА-ның Химия-металлургия институтына директор болып ауысып, сол жерде 1983 жылдың аяғында опат болғанға дейінгі 23 жылдық ғұмырын қамтиды. Ұзын-саны мың қаралы. Жағрафиялық жөнінен Мәскеу, Ленинград, Киев, Вологда, Донец, Иван-Франко, Свердлов (Екатеринбург), Новосібір, Қорған, Том, Алматы, Семей, Қызылжар, Тәшкент, Бішкек, Тараз, Шымкент, т.б. ондаған қалалар, селолар мен ауылдардан жазылған. Әрине, солардың бәріне ғалым жауап жазған, кейде көкейкесті іс мүддесін ойлап, өзі де көл-көсір хаттар жолдаған. Өкінішті жайт: үнемі қара сиямен әрі қолымен жазғандықтан көптеген хаттардың көшірмесі сақталмаған; оларда не жайында сөз болғандығын жауап хаттарды оқудан тұспалдап ұғуға болады; соның өзінде сұңғыла ойлы, жаны мен жады сергек ғұламаның бүкіл болмысын, алып тұрпатына сай кесек тұлғасын жете ұғынасың.

Әрине, 2005-2011 жылдар аралығында Алматыдан, Астанадан, Мәскеуден және Қарағандыдан жарық көрген «Ебіней Бөкетов» (жиыны 6 мәрте, таралымы 14,5 мың дана) ғұмырнама кітаптарыма мен бұл хаттардың таңдаулыларын әжетіме жаратып, ғалым бейнесін сомдауға барынша пайдаландым. Бірақ, бәр-бәрін ұқсата алмағаным түсінікті. Төменде мен біртуар ғалым поштасын қайыра бір сұрыптап, барынша іріктеп, жан-жақты білімді, өнерлі, ұлттық ғылымды өзі шұғылданған сирек металдар технологиясы саласында дүниежүзілік деңгейге көтерген ғұлама перзентіміздің жан дүниесін осы қырынан әсірелеусіз ашуға талап жасап отырмын...

Ғалымның ойын бұзбас үшін кейбір үзінділерді жазылған қалпында келтірдім. Енді біразын қазақша үрдіске түсірдім...

Е.А.Бөкетовтің Б.Ф.Тарасовқа хатынан (4 шілде 1982 жыл):

«Жеті жасар балақанның жадында көп нәрсенің сақталмайтынын ескерте отырып, мен сізге, аса қадірменді Борис Федорович, Малый Кизякта тұрған уақытта есімде еміс-еміс қалған кейбір оқиғалар көз алдымда көлбеңдеп, әр алуан ойға түсіретінін ашық айтқым келеді. Солардың бірі – ең алғашқы ұстазымның мейірман бейнесі. Ол кісі толық денелі, кексе тартқан әйел еді, дабырлап қатты сөйлейтін, үні бірақ құлаққа жағымды естілетін-ді. Орыс тілін ол кезде мен мүлдем білмеймін, ұстазым есімін атауға тілім келмей қиналғаным есімде. Сірә, сол себептен де ол кісі менің жадыма Агустастина болып мәңгі жатталып қалды. Бертінде, сіздің халықтың тілінің бүге-шігесін меңгерген кезде бұл есімнің Августа Устиновна екенін шамаладым. Ал нақты фамилиясы туралы менің де, әкешешемнің де ешқандай түйсігі болмағанына түсінікпен қараңыз... Жә, сонда ол кісіні неліктен ұмытпадым дегенге келсек? Бұл болса біздің отбасының әрдайым сүйіспеншілікпен еске алатын және жиі айтатын әңгімесі...

Оның себебі қатал тағдыр тәлкегімен туып-өскен жерінен безіп, босқын болған жылдарында үй-ішімізге сіздің анаңыздың көрсеткен шынайы кісілік қылығында дер едім. Мынадай жәйтке сіз мән бере қараңыз: бір жолы менің әкем әлдебір танысымен өзіңізге мәлім Лебяжі стансасына барып, күмістен соғылған кейбір заттарын азық-түлікке айырбастамақ болады, амал нешік, сол күні олар тым қырағы милиционердің қолына түсіп қалады; бірден-бір асыраушысынан айырылған анам көз жасын көлдетіп, мені жетектеп мектепке барады; Августа Устиновна дереу сіздің әкеңізге ат жектіріп, аудан орталығына жетіп, торкөзді үйдің ішінде нақақтан отырған шерменделерді бостандыққа шығарады; егер ол кісі жедеғабыл араласпаса – біздің отбасының жағдайы не болар еді, менің де келешек тағдырым нендей қияметке түсерін құдай білсін?!

...Қысқасы, шынайы ұстазым, жүрегі қайырымдылыққа толы жанның кім екенін білмекке мен құштар болдым. Тым кеш болса да жөн-жобасын анықтауды жөн көрдім. Содан, не керек, өткен жылы Қорған облысына арнайы барып, Малый Кизякты тауып, мұғалімді сұрастырып едім, селоның жаңа тұрғындары ештеңе айта алмады. Мектеп үйі тып-типыл жоқ болыпты, оның жұртын бойлап өскен ескі еменнен таныдым. Қайтарда далбаса үмітпен Мокроусово қалашығындағы өлкетану мұражайына соғып, одан сіздің ағаңыз, генерал Г.Ф. Тарасовқа арналған стендті көріп, кішкентай Германды алдына алып отырған келбетті әйелдің суретіне көзім түскенде сілейіп тұрып қалдым. «Батырдың анасы – Августа Устиновна Тарасова» – деген түсінік айтты мұражай қызметкері. «Оған қоса менің ең алғашқы Агустастина ұстазым, өзіме әліппе танытып, әкемді түрмеден құтқарушы!..» – дедім көп жыл алаң боп жүрген жұмбақтың оп-оңай шешілгеніне қуанып.

1997 жылы жарыққа шыққан «Наш Букетов» атты кітапта жарияланған естелігінде Ресей ғалымы, Орал политехника институтының ректоры С.С.Набойченко «Біртуар, Ойшыл, Еңбекқор» деп өз басынан кешкен мына бір жайтты бүкпесіз әңгімелепті:

«1978 жылы мыс металлургиясында автоклав жарағын қолдану жайында докторлық диссертация дайындап, ғылыми жетекшім И.Ф.Худяков екеуміз оппоненттің біріне Е.А.Бөкетовті шақыруды жөн көрдік. Ол кісі бірден келісті. Бар жұмыс бітіп, жұмысты қорғау 1979 жылдың 7 ақпанына белгіленген... Кенет қорғауға екі апта қалғанда Ебіней Арыстанович мені Қарағандыға шақырды. Жұмысымның қолжазбасынан көптеген стилистикалық қателіктер көріпті, кейбір жерін қайта түзету жөнінде диктофонға пікірін жазып қойыпты. «Жұмысың ғылыми жөнінен өте мәнді, бірақ соны баяндауың өте нашар жазылған, қате құрылған сөйлемдер бар. Ғылым докторы атанбақ білікті орыс адамына менің, қазақ баласының орыс тілін былай жаз деп ақыл айтуым ыңғайсыз нәрсе...» – деп жұмысымды қайтарып берді. Айтып отырғаны – екі аптада түзелмейтін олқылық. Ұнжырғам түскен мен: «Құптамаған пікір жазып берсеңіз де қорғауды тоқтатпаймын!..» – деп өре тұрдым. Алайда, Ебіней Арыстанович райынан қайтпады.

Менің қозғауыммен Свердловтан телефон шалған ғылыми кеңестің төрағасы мен оның орынбасарының өтінішін, төтенше жағдайды түсіндіруге тырысқан үгіт сөздерін құлағына қыстырған жоқ. Айтары бір-ақ сөз: «Шалағай да сауатсыз

жазылған жұмысты талқыға жіберуге болмайды!». Амал қанша, қорғау мерзімін бір айға шегіндірдік. Менің сорыма қарай, ғылыми кеңестің өкілдік мерзімі бітіп, ақыры оны бір жыл кешігіп, 1980 жылдың ақпан айында қорғадым. Ебіней Арыстановичтің рецензиясы онды болды, кеңес мүшелері жүз пайыз дауыс беріп сенім көрсетті, жарым жылдан соң ВАК-тың мақұлдаған қарарын алдым...

Әрине, сол кезде мен ол кісіге кектене қарап, ұсақ-түйекке соншама шүйілгеніне ренжіп жүрдім. Арада біраз уақыт өткен соң келешек өмір жолыма ұлағаты мол сабақ алғанымды түсіндім. Содан былай ойымды нақтылап жазуды, әр сөйлемнің түсінікті де жинақы болуын қатты қадағалайтын болдым, оны аз десеніз, шәкірттерімнен де соны талап ететін әдетке бойсұндым. Әлбетте, сол бір табанды да қатаң талабы үшін қазақ әріптесіме өмір бақи қарыздармын. Мұндай қылық өте күшті, айтқанына кәміл сенімді үлкен тұлғадан туатыны түсінікті...».

«Қарғам Есләмбек! 1943 жыл. Жазғытұрым. Жобасы, март айы. Әкей марқұм 1942 жылдың 9 декабрінде қайтыс болды. Жиған-тергенімізді әкеміздің батаоқырына түгел жұмсадық. Өйткені, «Өлім бардың малын шашады, жоқтың артын ашады...» деген нақыл бар. Иманды болғыр Бәлтай шешеміз алды-артына қараған жоқ, қолдағының бәрін ас беруге салды. Қызыл сиыр көтерем боп жер қапты. Көк биеден де айырылды, асырай алмадық... – деген сөздерді Ебіней Арыстанұлы артынан ерген төрт інісінің ең кішісіне 1981 жылдың 16 қыркүйегінде жолдаған. Сірә, Қарағайлы қорғасын комбинатының бас директоры болып отырған бауырының кеуде керетін өктем қылығын ұнатпай, қандай жағдайда өскенін есіне салып қоюды жән көрген сыңайлы. – Мен Ольгинкада мұғаліммін, айына бір пұттай паек аламын, үй-ішіміз соған қарап қалды. Сөйтіп жүргенде бір күні, талонға зат беретін рәсім болушы еді, соның біреуіне саған кішкентай бәтеңке алып келдім. «Қарғам-ау, – деді шешеміз. – Мұны қайтушы едің, соның орнына... бір көйлектік мата алсаң еді...» Сонда да ойыма келген істі байқайын деп, сенің екі жарым жастағы кезің, екі аяғың шидей, мешелсің (тоя тамақ ішпедің салдары), жүрмейсің. Сені алдыма алып бәтеңкені кигіздім. Бауын байлап отырғанда сен: «Әй-әй-әй!..» деп қуанып, мені құшақтап түрегеліп тәй-тайлап жүре бастадың...

Бәлтай марқұм ағыл-тегіл жыласын, оған қосылып мен де егілдім. Сірә, сенің сол сәтте қалт-құлт жүріп кеткеніңе қуанғаннан жыласақ керек... Көйлектік пұл алмағаным ұмыт болды. Сол сәтте Жұдырық тәтеміз келіп: «Әкесі бар бала да мұндай бәтеңке кигенін көрсем – көзім шықсын!..» – деп әрі күндеп, әрі жебеп, бұрқылдап сөйлеп-сөйлеп шығып кетті.

Сол жылдың жазы. Он бес жасар Қамзабай ертелі-кеш салпақтап сиырдың соңында (колхоздың табынын бағады). Тамақ аз, аяғында шәрке. Таң атпай тұрып, буыны сылқылдап әрең кетеді. Мен мұғалімдік жұмысымнан босап үйге келгемін. Ерте тұрдым да ағашқа кеттім. Қоршауы бұзылған бақшаның ішіне мал кіріп кетіпті. Сырық кесіп, оларды бұтақтан арылтып, қоршаудың ашық жерін қайта қымтағанша түс болды. Аяғымды сүйрете басып, үйге титықтап әрең жеттім. Шешеміз маған ірімшік жасап, бетін шүберекпен жауып қойыпты. Соны ымдап көрсетіп, жеп ал дегендей болып, сені, Шабдан мен Жаркенді (Жартас – М.С.) үйден шығарып жіберді. Ал сендер, шешеміздің қулығын сезіп қалып, есік алдынан кетпей қойдыңдар. Тегешті алдыма алып, ірімшік толы қасықты аузыма

апара бергенім сол еді, үшеуің жетіп келдіңдер де бас салдыңдар. Қысқасы, менің сыбағамды төртеуіміз бөліп жедік. Бәлтай марқұм қайта келгенде: «Әу, мына күшіктер қашан кіріп кеткен?..» – деп сендерге ұрсып жүріп шай қойды. Сөйтіп, шаршап, қарным ашып келгенде өзімше тойған кісі болып, сыр білдірмей жата кеттім. Шешеміз сонда мүлдем аш жүреді, қатты шаршайды. Сендерге де: «Бұл жетімдерді өмірі асқа тойғыза алмайсың» – деп ренжитін...»

Алматыға оқу іздеп келіп, қандай қиыншылықпен оқығанын да (1945-1950 ж.ж.) ғалым інісіне жолдаған осы хатында, сірә, ойлансын деген ниетпен жазса керек, ешқандай бұркеусіз қаз-қалпында әңгімелепті.

«Студенттік кез. Бәлтай марқұм, Қамзабай екеуі аңда-саңда посылка жібереді. Мен майын жемеймін, базарға сатып, өздеріне шай жіберемін. Бір жолы майды ашсам, 1947 жылдың күзі-ау деймін, іші жуан-жуан иірілген құрт (тұздамай жіберген). Плиткаға қойып қайнатып, тортасын шығарып, оны да сатып, шайға айналдырып, үйге қайтардым. Олай істемесем күнкөрістері қиын: Қамзабайдың айлығы 300 сом, менің стипендиям 300 сомның үстінде; шешей киім тігеді, ақкөңілдігімен көбіне тегін тігеді, аздап бірдеме тапса – көп тапқандай болып қуанып отырады... Шешеміздің ол мінезін білемін, үй жағдайымыздың жүдеу екенін де білемін. Қамзабай хат жазған сайын мені ширатып, тұрмысымыз тамаша деуден танбайды. Екінші курста оқыған жылы жазда шауып кеткен шөбімді Қарашолақ деген Құбайдың белсенді ағасы болатын, сол неме әлімжеттік жасап колхоздың жерінен шаптың деп Қамзабайдан тартып алыпты... Ағаң Қамзабайдың сендерді асыраймын деп кешкен бейнеті менің азабымнан титтей де кем болмады. «Оқуыңды қоя тұр!» – деп сөйтіп жүріп маған айтқан жоқ. Елуінші жылдардың ортасына дейін біздің отбасы тұрмыс жүдеулігінен арыла қоймады... Сендер сөйтіп өскен балалар едіңдер. Енді күллі туыстан Қамзабай екеуіміз, екі шал ғана қалып отырмыз... жақыннан сыйлауды тілейтін жасқа келдік... Ағайынға өкпелегеннен жақсы ағайын табылмайды. Ақылды адам ағайынға өкпелемейді. Жалпы өкпелеу – наданның ісі... Өкпелемей, ақылың мен парасатыңа жеңдіріп, мінезінді жөндеу керек!..»

«Ардақты, сүйікті інім Есләмбек!.. Қасыңда жөн айтар ақылшың жоқ. Білемін. Мұндайда адам өз қайратына сенуі керек. Әкеміз бір адамға өкпелеуді білмейтін қайырымды жан еді. Оқымағанның ақылдысы да. Шешеміз Бәлтай марқұм да мейілінше ақкөңіл болды, сіңірі шығып жүріп біреуге көмектескісі келіп емешесі үзіліп тұратын... Есләмбек, мен сені жас күніңнен асырап едім деп бұлданғалы отырғам жоқ. Ана жылы тұңғышыңды алып келгеніңде... соның бәрі қайтқан. Бұдан артық ағаны сыйлау болмайтын шығар дегемін. Алғысым мен батамды сонда бергемін...» – деп 1983 жылғы жолдауында кенже інісіне ризалық сөзін айтса, одан екі жыл бұрынғы хатында: «Бұл баланы мен сенен сұрағам жоқ-ты, бірақ та тұңғышын өзі ұсынғаны – мені әкесінің орнына ұстағаны... деп түсінгемді. Әлі де солай түсінем... Сенің мәрт көңілің, осы баланың сәбилік ләззаты Зүкең екеуімізді қайтадан жасартты... Бұл бала жұрт алдында болса қуанар едім, жұрт алдында болмай өссе – бәрібір тірі болсам кемдікте ұстай алмаймын. Өзі жеке қалғанда қайдан білейін, тағдыры қандай болатынын...» – деп тіршілік күйтінің қиын бір мұңын інісіне жеткізген.

Жоғарыда ескерткеніміздей, Ебекең архивінде өз қолымен жазған хаттар көп емес, санаулы. Хат жазушы марқұм болғаннан кейін мұражайына қайтарылғандар ғана. Соның бірі – Мәскеуден туған жұртындағы ел ақсақалына жолдаған хаты.

«Ардақты Аха! Бұл хатты Мәскеуден жазып отырмын. Жатқан жерімді – Институт кардиологии Академии медицинских наук им. Мясникова деп атайды. Еліміздегі жүрек емдеу жөніндегі ең үлкен орталығымыз. Кардио – жүрек деген сөз, кардиология – жүрек ғылымы мағынасында. Мұнда әрі емдейді, әрі емнің жаңа әдістерін ғылым жолымен іздестіреді. Қазіргі жағдайым жақсы сияқты, бұдан әрі осылай бола берсе – жақсарғаны, мүлдем қалпына келтіру қиын көрінеді, бірақ емдеп, ремонттап, салақсыратпай уақытында қаратып отырса – ептеп күнкөріске жарамды болады деген жорамалды дәрігерлер түсіндіріп жатыр. Басында өзім қорқыңқырап та қалып едім – бұл өмірдің өзі ұзағырақ болмағаны ма деп, қазір тәубешілік айтып отырмын. Өйткені, әкем марқұм айтқан еді – Бөкет атамыз 52 жасында қайтыс болды, біздің тұқым ұзақ өмір сүрмейді деп. Бірақ, Ыбекең ақсақал (Бөкеттің екінші ұлы – **М.С.**) 82-ге келгенін көңілге медеу тұттым, емханада шалқасынан бос жатқан адам нені ойламайды...

Анадағы Сіздің үйдегі баланың, Уәйістің (*бұрынғы Сергеев, қазірде Шал ақын атындағы ауданның орталығында тұратын құрдасын айтып отыр – М.С.*) бір баласының мен ауырып қалып көңіл аудармаған соң реті келмеді-ау деймін, бірақ ден сау болса келешегін ақылдасармыз. Балалар өзіміздің ұрпақ қой, оларға қолғабыс тигізбегенде кімге көмек жасайсыз?! Тек өзің әдейі келгенде аяқсыздау болғанына көңілім аздап қобалжыды, бірақ өмірдің оңы мен солын жобалайтын ағамыз... ренжімеген болар деген ойдамын...

Ауылдағы ақсақалдарға – Сәкеңе, Маутай-ағама, Бәкеңе, Қасым-Кәкімдерге, үлкен-кішісіне дұғай сәлем! Балду мен Сіздің үйдегі балаларға және сәлем. Дертім сауығып, жақсы болсам – Құбайдың үйіне, Мүслима жеңгемізге бата қылуға әдейілеп барамын.

Құрметпен, жақсылықпен көрісуге тілектес інің Ебіней, 27. 09.1976 жыл.

Маутай-ағама айтарсыз: жалғыз өзінің Мәскеуге іздеп келгені – Сүгірдің алты баласынан кем қорғаныш болған жоқ көрінеді деп...»

«Медеу! Маған Герт пен Брагин (қазақстандық жазушылар – **М.С.**) Сенің кітабың шығыпты деп жазды. Қанекен жөніндегіңді айтам. Қуанышым қойныма сыймай кетті. Ержігіт, қажырлы жігіт екенсің, рақмет!

Бұл жақта ол әзірше жоқ. Бір экземплярын жіберсің, жалпы маған әрі қарай жазуыма көмектессең – алғыс қана айтатын болам, өйткені мен әлі мыжғылайтын түрім бар.

Келінге, үй-ішіне сәлем. Жаңа жылың құтты болсын!

Құрметпен ағаң Бөкетов, 18 январь 1981 жыл».

«Батыр Медеу інім! Сенің хатыңды алғалы едәуір күн болып қалды, бір қауырт жұмысым болып, бірден жаза алмадым, атүсті жазғым келмеді. Бүгін қол босанқырап саған хатқа кірісіп отырмын. Тағы да қайталап айтам: Сенің бұл ісінді орыс тілінде «подвиг» деп атайды... Кітап та тамаша болып шыққан. Халық Саған, тіпті ескіше айтайық, аруақ Саған ырза!..

Медеу, мына кітабына пікір қарастырғың келеді, жобасы. Баспа пікірді айтып отырмын. Ол қажет-ақ болар еді, жазар да едік, бірақ соны басатын кім бар? Соны ойлан. Егер мені қаласаң... дайынмын. Әр нәрсенің кемшілігі де, жетістігі де болады және әркім өз пікірін айтып жатады, айта тұра тек менің айтқаным дұрыс дейтіні де болады. Мәселе онда емес, мәселе Қанекеннің халық үшін істеген ісін көпке үлгі етуде ғой. Бұл жөніндегі Сенің еңбегінді кім өшіре алады? Соны айту қажет қой, Қанекенді тағы да айту қажет қой, өйткені тірісінде көпке парасаты мен шарапаты тараған кісінің аруағы да құдіретті болмақ қой. (...) Бұл кітабың өлмейтін кітап, ана тілінде де шығарарсың, бір шығып қана қоймас, шыққан сайын жөндеп те жатарсың. (...) Бірақ, сені қазір қолдау қажет еді, оған дәрмен болмай жатқан жоқ па! Жағдай солай, айналайын Медеу.

Қолжазбаның ең жуанын бер маған. Сенің еңбегінді мадақтап отырмасам, кеміте көрмен. Менің ойым алыста, бірақ шамамның келетін-келмейтінін білмеймін. Баспалар менен аулақтап жүр, бірақ уақытша болар деген сенім мол. Дегенмен, еңбек жеңер деген ойдамын. Бұл уақытша құбылыстарға көңіл бөлмей, жұмыс істей беруді «Қасымның қасқа жолы» деп тауып отырмын. Сондықтан, маған Қанекеннің тұлғасы бүкіл өмірді көрсетерлік сияқты. Мен бұл іске қазір осындай кең тұрғыдан қараудамын. Сондықтан, Сенің жуан қолжазбаң да, өзің де маған талай қажет боласың... Өмірі ақылдаспай жұмыс істеп көрген адам емеспін, көп ақылдасқанның пайдасын болмаса, зиянын көргем жоқ.

Осымен тәмамдайын. Келінге, балаларға сәлем. Бек саулық тілеймін.

Ебіней Бөкетов. 22 февраль 1981 жыл, Қарағанды».

Ебіней Арыстанұлының сыр зып шерткен осынау шерлі ойын мен оның мәскеулік академик В.И. Спицинге 1979 жылдың 30 тамызында жолдаған ұзақ хатының соңғы бетінен және ұшыраттым: «Сәтбаевтың арамызда жоғын зор өкінішпен еске аламын, – депті ғалым онда. – Ал ол кісі, есімде сақталған іс, көмір химиясын зерттеу жұмыстарын жолға қоюды өте-мөте жиі айтып, түптеп келгенде көмірді химиялық жолмен пайдалану мәселелерін зерттейтін академиялық институт ашуды мақсат еткен еді. Біз ол кезде жастықтың әсерінен, әлде ақылымыз жетпегендіктен тұңғыш та әзірше бірден-бір ұлттық академиямыздың көрегендікпен тым ертеден болжаған, әмбе жаны ауыра ойлаған маңызды ісіне мән бермедік, амал қанша...»

Біздің шамалауымызша, Ебіней Арыстанұлына көмір химиясымен түбегейлі шұғылдануға пәрмендірек те ерекше әсер еткен екінші адам – Социалистік Еңбек Ері, КСРО Ғылым академиясының Физикалық химия институтына көп жылдар бойы директор болған, уран химиясының аса зор білгірі, академик Виктор Иванович Спицин.

«...Қарағанды сірескен көмірдің үстінде тұр, демек оны сұйылту мәселесімен шұғылдануды Сізге тағдырдың өзі жазған... Әрине, көмірді сұйылту ісі бірден өріс алып кете қоймас, бірақ жүрдім-бардымға салып уақыттан ұтылуға тағы болмайды. Мен Сізге алдағы уақытта өтетін кеңестер, конференциялар туралы ұдайы хабар беріп отырамын. Бұларға сіздің қатысуыңыз қажет. Сонымен қатар, Сіз өз тарапыңыздан Қазақ ССР Ғылым академиясының Химия-металлургия институтынан немесе Қарағанды университетінен қабілетті екі-үш химикті іріктеп алып, Мәскеуге, КСРО Көмір өнеркәсібі министрлігінің пайдалы жанғыш

қазбалар институтында тәжірибе жинақтауы үшін ұзақ мерзімге жібергеніңіз жөн болар еді... Мен олардың бір жыл, аз дегенде алты ай алаңсыз жұмыс істеуіне жағдай туғызар едім», – депті мәскеулік ғалым 1979 жылдың аяқ шенінде академик Бөкетовке жолдаған хатында.

Ғалымның тетелес інісі Қамзабай Бөкетовтің «Орталық Қазақстан» газетінде «Вике мен Еке» деген атпен 1990 жылы жарияланған деректі хикаятында баяндалатын ұлағатты жайттар және нақ сол кісінің зор ілтипатпен бізге сый еткен – Ебіней Арыстанұлының В.И.Спицинге жазған 6 хаты мен мәскеулік академиктің оған жолдаған 3 хатының ксерокөшірмесімен танысу менің көңілімде түрлі-түрлі толғаныстар туғызғанын мойындауға тиіспін. Асылында отандық ғылымға аса сирек кездесетін элементтердің химиясын зерттеу, әсіресе, атомдық өнеркәсіпке қажет шикізатты өндіру саласында өлмес мәнді еңбектер жасаған атақты ғұлама, сол күнде жасы сексенге ентелеген мәскеулік кексе ғалым мен оның қазақстандық әріптесі, әмбе одан қилы жас кіші қарағандылық ғылым иесінің 1978-1983 жылдар аралығында жазысқан хаттарында ресми де ғылыми хабарламалар басым сияқты көрінгенімен соның бәріне де сыналай кіріп, әрқилы тіршілік тауқыметтері көңіл күйлері жайлы әредік өзара сыр шертіскен, шынайы адамгершілік жүректерден шыққан жылы лебіздерді тебіренбей оқу мүмкін емес.

«Аса құрметті де қымбатты Вике! Сіздің үніңізді естіп қатты қуандым және Сіздің жексенбі күндері де жұмысты, көкейтесті істі ұмытпайтын қасиетіңізге қатты таң қалғаным сонша, тіпті бұл жайында жиі-жиі есіме алып жүрмін. Ал біздегі кейбір бойкүйездер жексенбі күндерін апта бойы тау қопарып, тас тасығандай, бері салғанда шөп шапқандай-ақ үздіге күтеді...» – деп Ебіней Арыстанұлы ағынан жарыла сыр шертсе, нақ сондай шынайы адамгершілік лебіздермен осы хатқа жауап жаза отырып, мәскеулік ғалым да: «Қымбатты Еке... Сіздің көмірді гидрогенизациялау (сұйыққа айналдыру – М.С.) үшін сутегін қолдану жөніндегі соны ойыңыз маған ұнайды. Соған қоса мен назарыңызды осы процестен шығатын сұйық заттардың сипатын анықтауға да аударуға кеңес беремін... Сіздер автоклавтың қандай түрін қолданып жүрсіздер? Біз мұнда автоклавпен біршама жұмыс істедік, қажет десеңіз – тәжірибемізбен бөлісуге дайынбыз...» деп нақтылы қолғабыс етуге әзір екендігін ілтипатпен білдіреді.

Е.А.Бөкетов: «... Көмір химиясы жөніндегі тірлік біршама өзгешелеу болып тұр. Амал не, ертегі тез айтылғанымен өмірде ондай тездік жоқ. Сіздерде жаттығудан өткен жолдас кейбір уақытша жағдаяттарға бойсұнып бұл жұмыстан бас тартты. Ыңғайсыз-ақ іс болды, жағдайдың кейде біздің ырқымыздан тыс уақытша әуендерге түсетіні белгілі.»

Академик Ә.Х.МАРҒҰЛАН, 7 сәуір 1973 жыл, Алматы – Е.А. БӨКЕТОВКЕ:

«Ардақты Ебке! Сансыз сәлем. (...) Қаныш жайында кітап жазу әрине оңай емес. Бірақ, жазу керек. Және оны жай кісі жазғаннан гөрі инженерлік өнерді жүйрік білетін, техника ғылымының иесі жазуы керек. Олай болмаса көп нәрсенің үстінен өте шығып, негізгі мәселелер қалып қоюы мүмкін. Сіз үшін Қаныштың инженерлік дәурені өте түсінікті, айқын көрініп тұратын болуға тиісті. Оны ешкімнен сұрамайсыз да, тек уақыт тауып еске түсіріп, шетінен кертіп жаза бересіз.

Сізге көмескілеуі – Қаныштың ауылдағы бала кезі. Қандай ортада өсіп, қандай тәрбие алғандығы. Тегінде Қаныш туралы жазу – бүкіл қазақ халқы туралы жазу деген сөз. Мұхтар жазған «Абай» – ақын Абайдың өз басының дәурені ғана емес, барлық қазақ халқының суреті, тіршілік жасауы, күнкөріс-тұрмыс, әлеуметтік, саяси жағдай барлығы бар. Қаныш туралы да осының барлығын қамту керек деп айтпаймын, бірақ өлшемді түрде орын алуы қажет.

Қаныштың геолог жолдастары, оның аса білімді, мәдениетті елдің өзінде сирек кездесетін жарқын мінезіне, сыпайылығына, ботадай елбіреп тұруына таң қалатын. Қанышты еске түсірудегі бір жиылыста профессор И.И. Бок: «Тағы, надан елден осындай кісі шығу мүмкін бе?» – деп маған сұрақ қойды. Ол кісі Қаныштың әкесін, қазақ халқын түсінбей, әдебиетте жалпы қалыптасқан сарынмен айтып отыр. Ашық айтқанда, Қаныштың сыпайылығы, көп білуі әкесінен ауысқан қасиет. Қаныш пен біз бала күнімізді кеменгер әкенің бауырында өткізіп, күн сайын олардың ғажайып әңгімелерін естіп өстік. Олар қазақ халқының географиясын, тарихи легендасын терең білетін. Есім хан мен Тәуке хан заманынан бергі уақиғалар (XV-XVII) жазулы тұрған кітаптардан кем болмайтын. Қаныштың әкесі Имантай осы күнгі университетте оқытып жүрген профессорлардың көбін үйрете алар еді. Ол кісі өзінің байтақ білімімен Г.Н.Потанинге де көп көмек көрсеткен. Имекеңмен студент күнімде әңгімелескенімді «Жарқын бейне» деген бір әңгімеде айтқамын («Қазақстан мектебі», 1969 жыл, 4 нөмір). Қаныштың жас күні де айтылған, толығын содан оқисыз.

...Қаныш туралы жазбас бұрын «Жизнь замечательных людей» сериясынан бір тобын оқып алған дұрыс. Олардың ішінен Сізге ең пайдалысы – «Александр Гумбольд». Ол кісінің өмірі, ісі, дүниені қызықтауы Қанышқа өте жақын. Қаныш, Мұхтар, Шоқан туралы жазушылар өте көп, бірақ тереңінен алып дүниені көрсете жазған біреуін көргенім жоқ. Бар үміт Сізде. Жақсы жазып шығуға тілек білдіремін. Керек мәселе болса сұрап тұрыңыз».

Ебіней Арыстанұлы әдебиет ісінде ешқандай қиянат жолды болмайды, шығарма бекем сомдалса ешкім оны тоқтата алмайды, әмбе ол Қаныштай ұлт мақтанын ұлықтауға арналған туынды деп есептейді. Сірә, сол түйсіктің әсері, «Қазақ әдебиеті» газеті өзінің елу жылдық мерейтойы қарсаңында профессор Зейнолла Қабдоловқа арнайы тапсырыс беріп, «Селен мен өлең» деп атаған мақаласын алған соң, Қарагандыға телефон шалып (Ебіней шығармашылығына бейжай емес ақын досы, газеттің бас редакторы Сырбай Мәуленовтің өзі сөйлескен), бұрын жарияланбаған, ықшам бір туындысын тездетіп жіберуді өтінген. Ғалым «Сөзбасының» қазақша нұсқасын ұсынады. Газет оны 1975 жылдың 21 наурыз күнгі санында, З.Қабдолов мақаласымен бірге ішкі екі бетіне далита береді. Ізгі ниеттен туғаны сөзсіз. Дүйім жұрт оны солай қабылдады. Елудің өріне көтерілген тұлғалы азаматының ғылымды, Қазақстандағы екінші университет жүгін арқалаумен қоса сүйікті әдебиетінен де қол үзбей, Қаныш туралы гұмырнама шығарма жазып жүргенін білді, соған да шексіз сүйсініп, «Ой, бәрекелді, дарабозым! Мынауың гажап, соны енді тездетіп бітіріп, халқыңды қуант!..» – десті. Сөйтіп бұған дейін бірді-екілі жанкүйер, Қанекең отбасы мен өзінің маңындағы біз сияқты ниеттестері гана біліп жүрген іс

газеттің жүз мың таралымы арқылы күллі Қазақстан атырабына мәлім болды. Әрине, ғалым-жазушы талабын шаттана қостаушылар көбейді. Мерейтой үстінде мінберден де, жеделхат, құттықтау хаттар арасына соны сыналап енгізіп немесе телефон арқылы сан мәрте құптау жасаушылар аз болған жоқ. Кейбірі абырой-атағы ерекше көтеріліп тұрған қайраткер ғалымға ниет-тілегі бір адам болып көріну үшін де...

Төменде біз жазушы қадамына мадақ айтқан, жаппай сүйсініс білдірген хаттар тасқынын аттап өтіп, ізденісіне ықылас білдірумен қоса нақты ұсыныс айтқан, сонымен-ақ қаламгерді әр алуан ойға түсірген бір хатты едәуір ықшамдап (бірақ негізгі ойын тұтас қалпында сақтап) келтіруді жән көрдік. Сөз сарынына қарағанда Ебекең қолжазбасын хат иесіне өзі ұсынған...

Тұрсынбек КӘКІШЕВ, филология ғылымдарының докторы (6 сәуір 1975 жыл):

«Қадірлі Ібеке! Қолжазбаны түгел оқып шықтым. Ең алдымен, Сіздің осы іске бел шешіп кіріскеніңізді құттықтаймын. Өйткені, Қаныш сынды өр азаматты өрелі ойы бар кісі қолға алса керек. Екінші, қазақша мен орысианы жетік білетін және әр халықтың психологиясын түсінетін адам болуы шарт. Үшіншіден, Қанекең ғылымын гана емес, жалпы ел мәдениеті мен ғылымның өркендеу жолдарын бағдарлай алатын оқымысты керек мұндай іске. Осының шет жағасын Таусия Алексеевнаға жазған хатта да аңғартқансыз. Сол адамның Сіз болғаны орынды деп білемін.

Кіріспе хатта Сіз өзіңізді, білім дәрежеңізді таныта алғансыз. Оқушы жұрт кең де мол білігі бар автормен «істес» болатынын аңғарады. Сонда да ептеп қысқартса теріс болмас еді, «Олай жазсам ба, былай жазсам ба?» деген шұбыртпадан гөрі, Таусия Алексеевнаның өтініші, өзіңіздің Қанекеңе «борыштылығыңыз» Сізді осы іске бастап отыр десеңіз ше? ...Қанекең дегенде ішкен асыңызды жерге қоярлықтай сүйсініс-махаббатыңыз болуы керек. Ол сізде бар. Жаздырып отырған да сол құдірет. Соны айқынырақ сездіру керек. Сіз арқылы, сіздің сүйгендігіңіз арқылы халықтың, елдің махаббаты аңғарылуы керек. Әйтпесе, Таусия Алексеевна өтінгенінен осы іске кірістім деу жеңілдеу шығады гой деймін...

Орысша емін-еркін көсіліп жазады екенсіз. Құттықтаймын. Сонда да бір жайға назар аудару қажет пе деймін. Нағыз орыстар ойын кесіп-пішіп айтады. Әрине, Толстой, Леонов сияқты суреткерлер ұзақ сөйлемнен де қашпайды... Ал, қазақ, еврей, т.б. жазғанда орағытып, ұзақтау жазуды айырықша қалайды. Соның шет жағасы сізде де бар... Сөйлемнің айқын және суретті болуы үшін сөз топанын көбейтіп алмаған абзал деп отырмын. «Погоня за красотью слога» – қазақ жазушыларының бойындағы үлкен дерт екенін өзіңіз де жақсы түсінесіз...

«В орбите кочевок» – 12-121 беттер. Негізгі мақсатыңыз – қазақтың көшпелі өмірін көрсету. Мұның ішінде этнографиялық суреттер, романтизированный жайлар өте көп. Не үшін, кім үшін сол керек... деген сауалды әркім қоюы мүмкін. Осындай сауал мені қатты ойландырды. Соған оңтайлы жауап таба алмай отырмын. Өйткені, бала Қаныш, Қанекеңнің балалық шағы (өзіне тән) көрінбей көмескіленіп қалған. Көш-қон, қыстау-жайлау, күзеу-қыстау қызықтары «Абай жолы» эпопеясы, «Оянған өлке» романы арқылы көпшілікке танымал болып қалды ма деп қорқамын. Құс баулу, балық аулау, егін ору жайлары тым ұзақ.

Әсіресе, егін ору арқылы тамыр Андрейдің өнегесін... көрсету жаңалық емес, қажет те емес... Осындай детальдар құс баулуда да бар. Жайын-шортан уақиғасы да сендірмейді. Алып жайынның бауырымен саз тіліп отырып батпаққа шығуы иландыра қоймайды. Әмбе оқиға желісін тап солар басып тастаған. Сондай-ақ, Шорман тұқымын, Сәдуақасты айту керек болар, бірақ ол Имантайды да, Қанышты да тасаламауы керек. Қазақта да сондай зиялы адам болған дегенді емеуірінмен танытып, қызықтырып қойған дұрыс сияқты. (...) Біздің «қызылкөздер» Шорман тұқымын мақтап қойыпты деп даурығуы да гажсап емес...

Менің бұл пікірлерім көңілге қаяу салар, осы істі әрі қарай жазу керек пе, жоқ па... деген ұнамсыз ойлар тудыруы мүмкін. Жазу керек. Тап осыны Сіздің жазғаныңыз дұрыс, Сіздің гана қолыңыздан келеді. Бұл көңіл жұбату үшін айтылған сөз емес... Сіз абыройлы да жауапты іске енді гана кірісіп отырсыз. Оны аяқтап шығу – негізгі мақсатыңыз болуға тиіс. Өйткені, Қанекеңді сүйген жүрек Сізден осылай істеуді талап етеді.

...Қанекеңнің мектепке барар алдындағы бір жылын Сіз 110 бет етіп жаздыңыз. Өмір жолы ұзақ, алда – мектеп қызығы, білім дариясы, Том қаласының бергені, қазақ даласының астындағы кен байлығын болжау, ашу белестері оп-оңай жазыла салатын кезеңдер емес. Олардың әрқайсының қызығы мен шыжығы бар. (...) Бұдан кейін Қанекеңнің президенттік дәуірі басталады. Оның трагикомизмі де болғанын білесіз. Әрбір жаңа саланы өркендетуге, оның ішінде мәдениет пен әдебиеті жөніндегілерін баса айтса дұрыс болар еді-ау деймін».

Жоғарыда біз толық нұсқасын, иә үзіндісін келтірген хаттардың қайсысы болсын, галымның негізгі көкейкесті ісі – гылым турасында, иә қуана шұғылданған ермек өнері – әдеби еңбектері жөнінде жазылса да, ҚарМУ-дың ректорлығынан қиянат жсаламен тайдырылып, гылыми зерттеуге қайтып оралғанымен, соның бәрінде де аяқтан шалу, мәнді ісін қасақана елемеуге түсіп, ең шатағы, соңғы бес жылда (1979-1983 жылдар аралығы) бірде-бір әдеби, иә гылыми еңбегін ешқайда жариялай алмаған келеңсіз қастандыққа тап болған академик Ебіней Бөкетов сол жағдаятты уақытша сәтсіздік санап, өзі шұғылданған екеуінен де бас тартпай, әрбірі үшін арыстанша алысқанын аңғарамыз. Оның алғашқысы – Қазақстан көмірінен жағармай алу мәселесі. Екіншісі – Сәтбаевтың отбасы мен жақындары және ұлы галымның ұлан-ғайыр еңбегіне, есіміне тәнті зиялы қауым өкілдері айырықша сенген гұмырнамалық еңбек.

Алайда, амал қанша, қатал тағдыр өзгеше дарын иесіне солардың бірде-біреуін бейгам тірлікте отырып, емін-еркін толғауға мүмкіндік бермеді. Ебіней Арыстанұлы Бөкетов 58 жастан 7 ай асқанда, 1983 жылдың 13 жұлдызында үшінші мәрте айналып соққан жүрек талмасынан опат болды.